



Шортанды ауданында шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа шығарылатын жер учаскелерінің ең жоғары мөлшерін айқындау туралы

Ақмола облысы Шортанды ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 24 желтоқсандағы № А-4/293 және Ақмола облысы Шортанды аудандық мәслихатының 2024 жылғы 24 желтоқсандағы № 8С-30/3 бірлескен қаулысы мен шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 26 желтоқсанда № 8874-03 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 43-1-бабының 2-1-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6, 31-баптарына сәйкес, Шортанды ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Шортанды аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ :

1. Осы бірлескен қаулының және шешімнің қосымшасына сәйкес Шортанды ауданында шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа шығарылатын жер учаскелерінің ең жоғары мөлшері айқындалсын.

2. Осы бірлескен қаулы және шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шортанды ауданының әкімі
Шортанды аудандық
мәслихатының төрағасы

С.Шабаров

Г.Садвокасова

Бірлескен Шортанды ауданы
әкімдігінің
2024 жылғы 24 желтоқсандағы
№ А-4/293 қаулысына
және Шортанды аудандық
мәслихатының
2024 жылғы 24 желтоқсандағы
№ 8С-30/3 шешіміне
қосымша

Шортанды ауданында шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа шығарылатын жер учаскелерінің ең жоғары мөлшері

Ауыл шаруашылығы алқаптарының ауданы, гектар	Оның ішінде		
	егістік	шабындықтар	жайылымдар
Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін			

3750	2850	15	885
Ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін			
25000	19000	100	5900

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ